

Сүлейман Демирел
Университеті
5В2500-қазақ филологиясы 4
курс

Гүлнәр Салықбай поэзиясы

Қасқырбай Ғазиза



Өмірбаян



- 1963 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Жамбыл ауылында туған. Т. Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасы Жастар одағы сыйлығының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған мүшәйраның жүлдегері.


Кітаптары

- «Бір жұтым ауа, қызыл күн», «Жан» атты жыр кітаптары жарық көрген. «Жан», «Аспандағы аңсарым» атты М. Цветаеваның өлеңдерін аударып, «М.Цветаева» деген атпен кітап болып шықты.
- Бүгінде "Қазақстан" Ұлттық телеарнасының бас редакторы.



Поэзия элемі



- 
- *Маздатып та мұздатып та бұл жүректі,
Дүрмекпенен тағы да бір күн өтті.
Біреу күлкі сыйлады...
Ал біреуі
өзі жұқа жүйкені күлдіретті.*
 - *Бір күн өтті зымырап, тағы ысқырып,
Екеумізді мүлдемге алыс қылып.
Мені айырып, ал саған айнымастай
Жақсы-жақсы достарды табыстырып.*
 - *Бір күн өтті... күшіңді жанығайсың!
Ертең мені көрсең де танымайсың...
Емінжарқын, елпілдек мінезіңмен
Таныс еместерге де тағы ұнайсың.*
 - *Өткізіп ап барлығын елегіңнен,
Бәріне адал боласың – сенемін мен!
Сен сырласып жүрерсің соларменен,
Мен тек қана өзімнің өлеңіммен...*





- **Айналамда аңыраған
жел,
Мүсіркеген, есіркеген ел.
Маған дегің келмесе
егер: “Өл!”
Кел.**
- **Мені ұшырған бақыт,
әлде сор.
Тоқтата алмай ешбір
темір тор.
Құлау үшін кетіп барам –
Көр...**
- **Сенен ешкім сұрай
қоймас құн.
Тек бір рет жыла сонда
шын.
Айналамда аңыраған
жел.
Түн.**



Мен бақытты бола салам бір күні...

- Жүдетсе де дүниенің жыртығы,
Көңілді аулап Күннің қызыл
кірпігі.
Айдың аппақ сәулесіне оранып,
Мен бақытты бола салам бір
күні!

Көкке ұшырып сұлу сөздің
төресін,
Көктем келер қуып қайғы
елесін.
Сәл мұңайып келе жатып,
Бір күні
Мен бақытты бола салам –
Көресің!

- *Тоңды жаным – жапырақ,
Ағаш-тәнім аңырып тұр,
ақымақ.
Күннің көзі ұйқылы –
Анда-санда ашылғанмен
бақылап...
Өмір деген – үңгірлерге үңілу,
Содан кейін түңілу!*
- *Тоңып тұрып, жылындым,
Күліп тұрып, бүліндім.
Ұрынбасқа ұрындым.
Жапырағым – жанымды
қорғалап,
Қара түннің көзінен
сорғалап
Келе жатқан бір өлең...*



- Сенгенім едің,
Сыр бердің...
Солай боларын білгенмін.
Сен жоқта қалай жүргенмін?
Сен жоқта қалай күлгенмін?!
-
- Бармысың жоқтан құраған,
Алыста менен жүр аман.
Сен жоқта неге мұңайғам,
Сен жоқта неге жылағам?
-
- Қамама мені, қара түн.
Әнім бар әсем салатын.
Бұтағың бар ма қонатын?
Қанатым талды, қанатым...



Пайдаланған әдебиеттер

- “Қазақ әдебиеті” газеті: №40(3412)
- Гүлнар Салықбаева: "Кешіріңдер келгенімді өмірге» өлеңдер жинағы.

